

ПРОФЕССОР АЛМА ҚЫРАУБАЕВАНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҰСТАЗДЫҚ ҰЛАҒАТЫ

2022 жылдың 26 мамыр күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты және қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының ұйымдастыруымен филология ғылымдарының докторы, профессор, әдебиеттанушы-ғалым, ұстаз Алма Мүтәліпқызы Қыраубаеваның 75 жылдығына арналған «Профессор Алма Қыраубаева: ғылыми мұрасы және ұстаздық ұлағаты» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Аталмыш конференцияға қазақстандық ЖОО мен ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары, докторанттар, магистранттар мен студенттер және БАҚ өкілдері, Алма Қыраубаеваның шәкірттері қатысты. Конференцияның алғашқы сәттерінде қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті тұлғалары Б. Кенжебаев, Т. Кәкішев, З. Қабдолов, т.б. ұстаз ғалымдардың құрметіне бір минут үнсіздік жарияланды.

Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев конференцияны Алма Қыраубаева жөніндегі «Таңғажайып тамаша тұлға» атты кіріспе сөзімен ашты. Әдеби мәжілістегі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессорлары Д. Ысқақұлы, Қ. Әбдешұлы, К. Ахметова, З. Бисенғали, Ө. Әбдиманұлы,



А. Салқынбай, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры Ф. Оразбаева, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының профессоры А. Ісімақовалардың естелік баяндамаларында Алма Қыраубаеваның ғалымдық, адамдық болмысы әр қырынан ашылды. Белгілі қаламгерлер, Алма апайдың курстастары, ақын, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Н. Оразалин, публицист қаламгер Ә. Көпіш, полиграфия саласының үздігі Гүлнәзия Әдуова жастық шақтағы естеліктерімен бөлісті.



Конференцияда Абай ғылыми-зерттеу институтының веб-сайтынан «АЛМА МҮТӘЛІПҚЫЗЫ ҚЫРАУБАЕВА» атты е-көрме, «АЛМА АПАЙДЫҢ ӘНДЕРІ» (аудиожазба), Алма апайдың мемлекеттік тіл жөнінде сөйлеген сөзі (бейнежазба) тыңдаушылар назарына ұсынылды. Алма Қыраубаева және ежелгі дәуір әдебиеті, Алтын Орда дәуірінің әдебиеті, Хорезмидің «Махаббатнама» дастаны; Рабғузи қиссалары, жалпы ғылыми мұрасы және қазіргі әдебиеттану мәселелері айтылды. Қазақстанның түкпір-түкпірінде білім-ғылым саласында қызмет атқарып ұстаз арманын жалғап жүрген Алма апайдың шәкірттері, ғалымдар, ұстаздар, әдіскерлер жасаған мазмұнды да, мағыналы баяндамалары Алма Қыраубаеваның шығармашылық мұрасы мен ұлттық педагогикалық ұстанымдарының ешқашан ұмытылмайтындығына дәлел болды.



Алма апайдың шәкірттерінің демеушілігімен алғаш рет тағайындалған Алма Қыраубаева атындағы шәкіртақыны тапсыру рәсімі конференцияның ең бір әсерлі сәті болды. Бұл жолы шәкіртақы Алма апайдың шығармашылығы бойынша ізденіп жүрген жас зерттеушілер, ҚазҰУ магистранты МұрсалыНамаз бен ҚазҰПУ-дың 2-курс студенті Нұртуған Мәжитке тапсырылды. Шәкіртақыны белгілі журналист, қоғам белсендісі Жарылқап ҚАЛЫБАЙ, ҚРКинематографистер одағының мүшесі, продюсер, ҚР мәдениет саласының үздігі Қалдыгүл ЖАНЫБАЕВА тапсырды. Алма апайдың ұлы, журналист Бұлан Жамбыл өзінің анаға деген сағынышын «Кешір ана» авторлық әнін орындау арқылы көпшілікке жеткізді.

Конференцияда саналы ғұмырын білім-ғылым жолына, жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған, қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірі бойынша құнды зерттеулер қалдырған көрнекті ғалым, барша шәкірті мен әріптестерінің есінде «АЛМА АПАЙ» болып мәңгі қалған ұлағатты жан Алма Қыраубаеваның рухына тағы бір рет тағзым жасалып, ұстаздық тағылымы жаңғыра түсті.

Л. Мұсалы, Б. Даутова

26.05.2022